

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

**5В071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы»
мамандығының**

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

Алматы 2016

Қосымша 3

5B071000 «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы»

Академиялық дәрежесі:

Техника және технология бакалавры

2

(оқу курсы)

№	Модуль атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәндердің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.8	Mater2208	Материалтану	3	3
	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.8.1	STPM 2208.1	Конструкциялық материалдар және термиялық өңдеу	3	3
2	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.9	MFSM 2216	Материалдардың физикалық және механикалық қасиеттері	3	3
	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.19.1	DKS 2216.1	Кристалдық құрылым ақаулары	3	3
3	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.7	PM 2207	Теориялық механика	3	3
	Жалпы техникалық модуль 1	БД 2.2.7.1	TM 2207.1	Қолданбалы механика	3	3
4	Сызба геометрия	БД 2.2.10	CG 2209	Компьютерлік графика	3	3

Разработано:
ПодписьСогласовано:
ПодписьУтверждено:
приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №

	және компьютерлік графика модулі					
	Сызба геометрия және компьютерлік графика модулі	БД 2.2.10.1	IG 2209.1	Инженерлік графика	3	3
5	Материалдарды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологиясы модулі	БД 2.2.15	TSM 2215	Материалдардың құрылымдық теориясы	3	4
	Материалдарды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологиясы модулі	БД 2.2.15.1	FM 2215.1	Физикалық материалтану	3	4
6	Жалпы техникалық модуль 2	БД 2.2.13	SM 2212	Материалдар кедергісі	3	4
	Жалпы техникалық модуль 2	БД 2.2.13.1	TM 2212.1	Техникалық механика	3	4
7	Жалпы техникалық модуль 2	БД 2.2.14	Elec 2213	Электротехника	3	4
	Жалпы техникалық модуль 2	БД 2.2.14.1	TOE 2213.1	Электротехниканың теориялық негіздері	3	4

Разработано:
Подпись

Согласовано:
Подпись

Утверждено:
приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №

8	Математикалық және ақпараттық дайындау модулі	БД 2.2.11	Mat 2211	Математика III	3	4
	Математикалық және ақпараттық дайындау модулі	БД 2.2.11.1	MZ 2211.1	Математика есептері	3	4

Mater 2208 Материалтану – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, Химия 1203

Пәнді оқыту мақсаты: металдар мен қорытпалар, сонымен қатар металл емес материалдардың құрылымы, физикалық, механикалық, химиялық және технологиялық қасиеттері туралы білім алу, металдар мен қорытпаларды термиялық өндеудің теориялық негіздерін оқу, студенттерге металдық материалдардың қасиеттері мен олардың құрылысы арасындағы байланыс, осы құрылыспен термиялық өндеу көмегімен басқару туралы түсінік беру.

Қысқаша мазмұны Металдар мен қорытпалардың жіктелуі. Металдар мен қорытпалардың қасиеттері және оларды анықтау әдістері. Металдар мен қорытпалардың атомдық-кристалдық құрылымы. Металдар мен қорытпалардың кристалдануы. Созымды деформация. Гиббстің фаза ережесі. Темір-көміртек жүйесінің күй-жай диаграммасы (Fe– C). Көміртекті болаттардың сыныпталуы. Шойынның сыныпталуы. Металдар мен қорытпаларды термиялық өндеу түрлерінің жіктелуі. Металдар мен қорытпаларды химия-термиялық және механика-термиялық өндеу. Аспаптық материалдар. Мыс және оның қорытпалары. Алюминий және оның қорытпалары. Машина жасаудағы бейметалл материалдары.

Алынатын нәтиже: машина жасау материалдарын термиялық өндеу теориясы бойынша білім алу және металдық материалдарға қажетті қасиет беру үшін термиялық өндеу режимін дұрыс таңдай білу, конструкциялық материалдарға қажетті қасиет беру үшін термиялық өндеу режимін дұрыс жүргізу.

Соңғы реквизиттер: Машина жасау материалдары 3306

СТРМ 2208.1 Конструкциялық материалдар және термиялық өндеу – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, Химия 1203

Разработано: Подпись	Согласовано: Подпись	Утверждено: приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №
-------------------------	-------------------------	---

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерге металдар мен қорытпаларды термиялық өңдеудің теориялық негіздерін оқу, оларға металдық материалдардың қасиеттері мен олардың құрылысы арасындағы байланыс, осы құрылыспен термиялық өңдеу көмегімен басқару туралы түсінік беру.

Қысқаша мазмұны: Материалдардың қазіргі кездегі техникадағы ролі. Металдар мен қорытпалардың конструкциялық беріктігі. Конструкциялық беріктік критерийі. Конструкциялық материалдардың сыныпталуы. Көміртегі мен басқа да қоспалардың болаттың қасиетіне ықпалы. Легірлеуші элементтердің болат қасиетіне ықпалы. Темір-көміртегі жүйесінің күй-жай диаграммасы. Жүйедегі фазалар. Болаттар мен шойындардың көміртек мөлшері бойынша сыныпталуы. Легірленген болаттардың сыныпталуы. Легірлеуші элементтердің болат қасиетіне ықпалы. Термиялық өңдеу түрлері. Қондырғы. Тез кескіш болаттардан жасалған аспаптардың термиялық өңделуі. Ірі шыңдалмаларды термиялық өңдеу. Үлкен қимасымен бұйымдарды өңдеу технологиясы. Суық прокаттау біліктерін термиялық өңдеу. Химия-термиялық өңдеу. Мыс және оның қорытпалары. Алюминий және оның қорытпалары. Подшипникті қорытпалар. Металл емес материалдар. Пластмассалар. Полимерлер. Резеңке. Органикалық емес материалдар. Желім және герметиктер. Композициялық материалдар.

Алынатын нәтиже: машина жасау материалдарын термиялық өңдеу теориясы бойынша білім алу және металдық материалдарға қажетті қасиет беру үшін термиялық өңдеудің режимін дұрыс тандауды үйрену.

Соңғы реквизиттер: Машина жасау материалдары 3306

MFSM 2216 Материалдардың физикалық және механикалық қасиеттері – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: әртүрлі тағайындалуымен конструкциялық материалдардың физика-механикалық (жылу өткізгіштік, жылу сыйымдылық, электркедергі, беріктік, созымдылық және т.б.) және пайдалану (ыстыққа беріктік, шыдамдылық, жарылуға тұрақтылық) қасиеттері бойынша, оларды материалтану мәселелерін шешуде қолдану, механикалық және физикалық сынаулардың әдістерін оқып білу туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: пән, пәннің мақсаты мен мәні, негізгі түсініктер мен анықтамалар, кернеу, Гуктің элементарлы заңы, серпімді деформация, созымдылық және деформация, созымды деформация физикасы мен механикасының негізі, статикалық сынау кезіндегі беріктікті анықтау әдістері, беріктік қасиеттерін бағалау критерийлері, механикалық сынаудың негізгі түрлері – динамикалық, шаршау, жоғары температуралық, қирау, Гриффитс бойынша морт қирау моделі, ыстыққа беріктік, жылжыпсырғу туралы негізгі түсінік, тозу процестері, металдар мен қорытпалардың

электрлік қасиеттері, электрөткізгіштік туралы негізгі түсінік, металдар мен корытпалардың жылулық қасиеттері, қатты денелердің тығыздылығы мен жылулық кеңеюі, сызықтық кеңеюдің температуралық коэффициенті, материалтану мәселелерін шешуде қолдану.

Алынатын нәтиже: студенттер әртүрлі фазалардың атомдық-кристалдық құрылысын талдай білуі, материалдар қасиеттерін талдау үшін зерттеудің ең тиімді әдістерін дұрыс таңдай білуі, деформация механизмін, конструкциялық материалдарды легірлеу кезінде беріктендіру, мортты және тұтқырлы қирау процестерін, термиялық (ыстыққа беріктік) және деформациялық (шаршау) өзара әсер процестерін білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Материалдарды таңдау методологиясы 3302

DKS 2216.1 Кристалдық құрылым ақаулары – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: кристалдық заттың атомдық-кристалдық құрылымының, геометриялық және құрылыстық кристаллография элементтерінің негіздері. Кристалдардағы оның ішкі симметриясымен және атомдық құрылыспен байланысты физикалық құбылыстың заңдылықтары зерттелген.

Қысқаша мазмұны: геометриялық және құрылыстық кристаллографияның негізгі мәселелерін, кристалдардағы бағыт пен жазықтық индекстеулерін, кристалдар мен кристалхимияның континуум және дисконтинуум симетрияларының кристаллографиялық түсірілуі мен теориясы қарастырылған кристалдық заттардың атомдық-кристалдық құрылымын оқыту, сонымен қатар, ақауы бар кристалдық заттардың нақты құрылымын, ақаудың негізгі түрлері, оның ішінде нүктелік сызықтық беттік және көлемдік ақаулардың материал қасиеттеріне ықпалы қарастыру.

Алынатын нәтиже: кристалдық құрылым ақауы қатты дене беріктігі және созымдылығын басқару механизміндегі ролі туралы ақпаратты білу.

Соңғы реквизиттер: Материалдарды таңдау методологиясы 3302

ТМ 2207 Теориялық механика – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, физика 1202

Пәнді оқыту мақсаты: теориялық механика негіздерін (анықтама, теоремалар, заңдар), оларды қолданудың практикалық әдістерін оқыту, басқада жалпы инженерлік және арнайы пәндерді оқуға дайындық, студенттердің логикалық ойлауын дамыту, кәдімгі және техника мәселелерін шешуде алдағы жұмыстарға қажетті өз бетімен ойлауды үйрету

Қысқаша мазмұны: Статика. Жиқталмаған күш жүйесі. Момент теориясы. Статиканың негізгі теоремасы. Күштің жазықтылық жүйесі. Үйкеліс. Дене ауырлығының ортасы. Нүкте кинематикасы. Қатты дененің жай қозғалысы. Қатты дененің жазық параллельді қозғалысы. Нүктенің қиын қозғалысы. Материалды нүкте динамикасы. Нүкте динамикасының жалпы

теоремасы. Жүйе динамикасына кіріспе. Инерция моменті. Жүйе динамикасының жалпы теоремасы.

Алынатын нәтиже: пәнді оқып болғаннан кейін студенттер күш, механика әдістерінің жалпыламасы мен дұрыстығы бір жағынан қатаң логикалық талдама және заңдар, екінші жағынан практикада бекітілген туралы ғылыми түсінігі болуы, алынған білімді қолдана білу, алынған білімді практикада қолдану қабілеттілігі болуы тиіс.

Соңғы реквизиттер: Материалдар кедергісі 2212

PM 2207.1 Қолданбалы механика – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, физика 1202

Пәнді оқыту мақсаты: теориялық механика негіздерін (анықтама, теоремалар, заңдар) және механизмдер емн машиналар теориясын (механизмдерді, машиналар және аспаптарды талдау және синтездеу), оларды қолданудың практикалық әдістерін оқыту, басқада жалпы инженерлік және арнайы пәндерді оқуға дайындық, студенттердің логикалық ойлауын дамыту, кәдімгі және техника мәселелерін шешуде алдағы жұмыстарға қажетті өз бетімен ойлауды үйрету.

Қысқаша мазмұны: Қатты дене статикасы. Негізгі түсініктер мен анықтамалар. Статика аксиомасы. Вариньон теоремасы. Берілген орталыққа күштің еркін жүйесін келтіру. Ауырлық ортасы. Параллельді күш жүйесінің ортасы, дене ауырлығының ортасы және оның координаталары. Қатты денелердің түсу және айналмалы қозғалысы. Қатты дененің жазық параллельді қозғалысы, дене нүктесінің жылдамдығы мен үдеуінің анықтамасы. Нүктенің және қатты дененің қиын қозғалысы. Нүкте динамикасы. Механикалық жүйе динамикасы. Салмақ орталығының қозғалысын сақтау заңы және механикалық жүйе қозғалысының саны. Механикалық жүйенің кинетикалық энергиясының өзгеруі туралы теоремасы. Материальды нүкте мен механикалық жүйе үшін даламбер принципі.

Алынатын нәтиже: пәнді оқуды аяқтағаннан кейін студенттер күш, механика әдістерінің жалпыламасы мен дұрыстығы бір жағынан қатаң логикалық талдама және заңдар, екінші жағынан практикада бекітілген туралы ғылыми түсінігі болуы, алынған білімді қолдана білу, алынған білімді практикада қолдану қабілеттілігі, материалдық дене қозғалысымен байланысты тапсырмаларды шешу тәсілдерін білу, әртүрлі механизмдерді есептей білу.

Соңғы реквизиттер: Материалдар кедергісі 2212

CG 2209 Компьютерлік графика - 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, Ақпараттану 1104

Оқыту мақсаты: Пәннің мақсаты конструкторлық құжаттарды орындау және оқудың теориялық негіздерін, кеңістікте жазықтықтар пішінін

тұрғызу әдістерін, сызбадағы инженерлік - техникалық мәселелерді шешу тәсілдерін оқыту, студенттердің өзіндік жұмыста ойлану және ойлап табуын дамыту болып табылады. AutoCAD конструкторлық құжаттардың графикалық бөлігін автоматтандырылған дайындау негізін оқыту.

Қысқаша мазмұны: Компьютерлік графика жүйесіне кіріспе. Интерактивті компьютерлік графиканың аппараттық қамтамасыздандыруы. Растрлық графика. Векторлық графика. Векторлық графиканың математикалық негіздері. Сызықтарды салудың Брезенхем алгоритмі. Растрлық графика. Сызықтарды салудың Брезенхем алгоритмі. Қадамдықты жою әдістері. Геометриялық түрлендіру. Компьютерлік графикадағы түс. Жазықтықтағы фигуралардың кесілуі. Көрінбейтін сызықтарды жою. Шын кескіндеулерді құру. Сәулелердің трассировкасы. OpenGL негізгі мүмкіншіліктері. Open GL-де проекция мен координаталардың түрөзгеруі.

Алынатын нәтиже: сызбаларды сызбалық аспаптар көмегімен және МЕСТ бекітілген компьютерде дұрыс орындау және безендіру; әртүрлі инженерлік мәселелерді графикалық шешу тәсілдерін, конструкторлық құжаттарды өңдеу үшін AutoCAD графикалық жүйесін білу.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері
3220

IG 2209.1 Инженерлік графика - 3 кредит

Пререквизиты: Математика 1201, Ақпараттану 1104

Пәнді оқыту мақсаты: Пәннің мақсаты конструкторлық құжаттарды орындау және оқудың теориялық негіздерін, кеңістікте жазықтықтар пішінін тұрғызу әдістерін, сызбадағы инженерлік - техникалық мәселелерді шешу тәсілдерін оқыту, студенттердің өзіндік жұмыста ойлану және ойлап табуын дамыту болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Мемлекеттік стандарттар, ЕСКД оқу. Форматтар. Масштабтар. Сызықтар. Сызба шрифтары. Өлшеу сызықтарын жүргізу. Суретті оқу. Негізгі, қосымша және жергілікті түрлер. Кескін және оның түрлері. Сызбаны оқу. Жанасу элементтерінің көмегімен жазықтық сызбаларын дайындау. Сызбаны оқу. Қима және оның түрлері. Бұранда сызбасын оқу. Бұранданың түрлері. Ажыраспалы және ажырамайтын қосылыстар. Тетіктің эскиздерін және жұмыстық сызбасын өңдеу. Тетік эскизін орындау. Жинақы бірліктің жиын сызбасын құру. Спецификация. Жинақы бірлік сызбасын оқу және тетіктеу.

Алынатын нәтиже: сызбаларды сызбалық аспаптар көмегімен және МЕСТ бекітілген компьютерде дұрыс орындау және безендіру; әртүрлі инженерлік мәселелерді графикалық шешу.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері
3222.1

TSM 2215 Материалдардың құрылымдық теориясы – 3 кредит

Разработано: Подпись	Согласовано: Подпись	Утверждено: приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №
-------------------------	-------------------------	---

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді металдық және металл емес материалдар құрылымымен және қасиеттерімен, дайын бұйымды алу және өңдеу кезінде болатын фазалық айналу заңдылықтарымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Қорытпалардың микроқұрылымы, металды материалдардың қасиеттері, қортпалардың термодинамикасы, материалдардағы фазалық және құрылымдық өзгерістер, екі, үш компонентті күй диаграммалар, қорытпаның фазалық құрамы мен құрылымының түзілуі, материалдарды рафинациялау, модификациялау және легірлеу, материалдардың физикалық, термиялық, химия-термиялық және беттік өңдеу негіздері, фазалық құрылыс пен қасиеттерінің өзара байланысы, темір-көміртекті және түсті металдар негізіндегі қорытпалардың фазалық құрамы, құрылымы және қасиеттері, ұнтақты металлургия негіздері, композитті материалдардың құрылысы мен қасиеттері, металл емес материалдар.

Алынатын нәтиже: материалдың химиялық құрамы, өндіріс түзімі мен технологияларын таңдауды ғылыми негіздей білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4312

FM 2215.1 Физикалық материалтану – 3 кредит**Пререквизиттер: Материалтану 2208**

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді квантты механика, қатты дене физикасы және фазалық айналу теориясымен, термиялық, химия-термиялық және термомеханикалық өңдеу әдістерімен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: физикалық материалтану туралы ғылымның ролі, заманауи материалтанудың жетістіктері, металдардың электрондық теориясы, жай және өтпелі металдар, құрылыстық тұрақтылық, таза металдардың құрылысы, бинарлы қорытпалар, ионды, ковалентті, металдық байланыс, аллотропия, металдардағы фазалық айналулар және құрылымдық өзгерістер, гомогендік және гетерогендік тумалар, полиморфты айналу, қатты ерітінді құрылымы, қатты күйдегі ерігіштікті анықтайтын факторлар, құрылым ақаулары, интерметаллидтік қосылыс құрылысы, материалтанудағы термодинамика, ерітінділер арасындағы реакциялардағы тепе теңдік, сыртқы және бөлу беткейлерінің термодинамикасы, фазалық диаграмма, металдар мен қорытпалардағы диффузия, қатты күйде шыныққан қорытпалар, қақтау кезіндегі процестер.

Алынатын нәтиже: студенттер материалдардың физика-химиялық және механикалық қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымы, химиялық құрамы мен өңдеу түзіміне тәуелді өзгеру заңдылықтарын білуі тиіс.

Соңы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4312

SM 2212 Материалдар кедергісі – 3 кредит**Пререквизиттер: Теориялық механика 2207**

Пәнді оқыту мақсаты: материалдар кедергісі негіздерін (анықтамалар, заңдар, теоремалар), оларды қолданудағы практикалық әдістерді оқу, басқада жалпы инженерлік және арнайы пәндерді оқуға дайындық, бөлек түсінік желісі мен жалпы байланысты түсіну, жеке зерттеулерді жаңа жалпы жүйелік әдістерге ауыстыру.

Қысқаша мазмұны: Тік стерженьнің созылуы мен қысылуы. Нормальды күш эпюрын тұрғызу. Тік стержень қимасындағы және деформациясындағы кернеу. Созу мен қысу кезіндегі материалдардың механикалық қасиеттері. Созу және қысу кезіндегі беріктік пен қатаңдыққа есептеу. Жазықтық қиманың геометриялық сипаттамалары. Жылжу және бұралу. Айналу моменттерінің эпюрын, кернеуін және деформациясын тұрғызу. Иілу кезіндегі нормальды және жанаспалы кернеулері. Деформацияның потенциалды энергиясы. Кернеулік және деформациялық күй теориясы. Жұқа қабырғалы стерженьдер мен қабаттардың есептеулері. Деформацияланған жүйенің тепе-теңдік тұрақтылығы.

Алынатын нәтиже: механикалық жүйе деформациясының әр түрлі түрлерімен байланысты, материалдардың механикалық қасиеттерін тәжірибелік оқу, құрылғының жай элементтерінің кернеулік-деформациялық күйі бойынша жаңа практикалық ізденістерді қабылдау, қазіргі кездегі сынау машиналары мен өлшеу аппаратураларына сүйену.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері 3220

MSE 2212.1 Техникалық механика – 3 кредит

Пререквизиттер: Теориялық механика 2207

Пәнді оқыту мақсаты: келешек инженерлерге механика, материалдар мен конструкциялар беріктігі туралы ғылым негіздерін үйрету, оны есептеу мен жобалаудың әдістерін дұрыс таңдауға дайындау, тегіс деформацияланған денелердің механикасы аймағындағы ғылым мен техника жетістіктерімен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Статика: байланыс реакциясы; моменттер теориясы; күштердің жазық және тегіс жүйесінің тепе-теңдік жағдайы.

Созу және қысу. Материалдардың механикалық қасиеттері. Созу мен қысу кезіндегі беріктік пен қатаңдықты есептеу. Жылжу және бұрау. Бұрау кезіндегі беріктік пен қатаңдыққа есептеу. Майыстыру. Майыстыру кезіндегі беріктікті есептеу. Кернеулік және деформацияланған күй теориясы. Шекті күй гипотезасы. Қиын кедергі. Деформацияланған жүйе тепе-теңдігінің тұрақтылығы. Динамикалық жүктеме. Тетіктер, түйіндер және механизмдерді есептеу және жобалау. Машина тетіктері мен түйіндерін қосу. Берілісті механизм. Машиналар мен механизмдердің ұстап тұру және алып жүру тетіктері.

Алынатын нәтиже: механикалық жүйе деформациясының әртүрлі түрлерімен байланысты мәселелерді шешуге машықтару; материалдардың механикалық қасиеттерін тәжірибелік оқу; конструкцияның кәдімгі

элементтерінің кернеулік-деформациялық күйін оқыту; қазіргі кездегі сынау машиналарымен және өлшеу аспаптарымен жұмыс атқара білу.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері
3220

Elek 2213 Электротехника – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 1201, Физика 1202

Пәнді оқыту мақсаты: қазіргі заманға сай машина, агрегаттар мен қондырғыларды құрастыратын және пайдаланылатын инженерге олардың электрлік жабдықтарын: қолданылатын электрқозғалтқышы мен олардың негізгі автоматтандырылған электржетектерін, олардың негізгі электрмеханикалық қасиеттері мен сипаттамаларын, жанаспалы және жанаспайтын аппаратураны, өндірісті автоматтандыру әдістері мен құралдарын жақсы білуі тиіс.

Қысқаша мазмұны: Тұрақты және синусоидалы токтың сызықты электр тізбектері. Электр энергиясының ерекшеліктері, әртүрлі орталықтандырылған электр станцияларында және үнемді электр алу мүмкіндігі, электр берілісі желілерінің көмегімен тұтынушыға үлкен арақашықтарға қарапайым берілістер, энергияның басқа да түрлеріне түрлендіру мүмкіндігі. Бір фазалы синусоидалы токтың сызықты электр тізбектері. Бір фазалы синусоидалы токтың электр тізбектері. Үш фазалы электр тізбектері. Магниттік тізбектер. Трансфор-маторлар. Үш фазалы асинхронды электр-қозғалтқыштары. Тұрақты токтың электрмашиналары. Жартылай өткізгішті аспаптар мен құрылғылар.

Алынатын нәтиже: электротехниканың фундаментальды заңдарын, түсініктері мен мәнін, электрлік және магниттік тізбектердің басты қасиеттері мен сипаттамаларын білуі, электрлік тізбектерді аналитикалық және сандық әдістермен шеше білуі, есептеудің ең оптималды әдістерін таңдауды, электрлік тізбектің негізгі сипаттамаларын анықтауы және алынған нәтижелерге физикалық негіздеме беруі; тәжірибелік тәсілдермен типтік электртехникалық және электронды қондырғылардың өлшемдері мен сипаттамаларын анықтауы, инженерлік іспен байланысты негізгі электрлік шамаларды және кейбір электрлік емес шамаларды өлшеуді жүргізуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері
3220

ТОЕ 2213.1 Электротехниканың теориялық негіздері - 3 кредит

Пәнді оқыту мақсаты: келешек маманның инженерлік мәселелерді түсінуі және жетісті шешуі үшін электрмагниттік процестерді модельдеудің қазіргі кездегі әдістерін, электрлік тізбекті, электрлік және магниттік өрістерді талдау, синтездеу және есептеу әдістерін үйрену. Электротехниканың теориялық негіздерін оқу электрмагниттік құбылыс теориясын және арнайы пәндердегі ЭТН курсының әдістемелерін қолдану

Разработано: Подпись	Согласовано: Подпись	Утверждено: приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №
-------------------------	-------------------------	---

әдістері туралы дамыған түсінігін ұлғайтуға қабілетті етуі тиіс.

Қысқаша мазмұны: Электрмагниттік өрістің негізгі түсінігі мен заңдылықтары. Тұрақты токтың электрлік өрісі. Синусоидалды токтың сызықтық электрлік өріс теориясы. Синусоидалды емес периодтық ПӘК, кернеу және ток кезіндегі электрлік өрісті есептеу. Бір қалыпты емес өлшемдерімен электрлік өрістегі ауыспалы процестер және оны есептеу әдістері. Төртжақтылық және электрлік сүзгі. Жайылмалы өлшемдерімен электрлік өрістер.

Алынатын нәтиже: электротехниканың теориялық негіздері пәнінің фундаментальды заңдарын, түсінігі мен мәнін, электрлік және магниттік өрістің басты қасиеттері мен сипаттамаларын білу; электрлік өрісті аналитикалық және сандық әдістермен есептей білу, есептеудің ең тиімді жолын таңдау, электрлік өрістің негізгі сипаттамаларын анықтау және алынған нәтижелерге физикалық негіздеме беру, алынған білімді ғылыми пәндер аймағында көрсету, математикалық талдау және модельдеу, теориялық және тәжірибелік зерттеу әдістерін қолдану.

Соңғы реквизиттер: Құрастыру негіздері және машина тетіктері
3220

Mat 2211 Математика III – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 2 1201

Пәнді оқыту мақсаты: классикалық және қазіргі кездегі математиканың фундаментальды түсініктерін, заңдары мен теорияларын , математикалық ойлауды білу.

Қысқаша мазмұны: Көп айнымалы функцияның дифференциалдық есептеулері. Көп айнымалының функциясы. Туынды және дифференциалдар. Жеке туындыларды қолдану. Көп айнымалы функциялардағы интегралдық есептеулер. Екілік интегралдар. Екілік интегралдарды ұсыну. Үш еселі интегралдар. Үш еселі интегралдарды ұсыну. Сандық қатарлар. Дәрежелік қатарлар. Функционалды қатар. Тригонометриялық қатар. Дифференциалдық теңдеулер. Бірінші қатардағы дифференциальды теңдеу. Екінші қатардағы дифференциальды теңдеу. Екіншіден жоғарғы дифференциальды теңдеу. Дифференциальды теңдеу жүйесі.

Алынатын нәтиже: математикалық тапсырмаларды ұсына білу, тапсырманы шешуге қажетті әдіс пен алгоритмді таңдай білу, сапалы математикалық зерттеуді жүргізе білу.

Соңғы реквизиттер: математика IV 3218

MZ 2211.1 Математика есептері – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 2 1201

Пәнді оқыту мақсаты: тыңдалған математикалық әдістерді қолдана білу, математикалық ойды дамыту, ғылыми әлем таным мен логикалық ойлауды құра білу.

Разработано: Подпись	Согласовано: Подпись	Утверждено: приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №
-------------------------	-------------------------	---

Қысқаша мазмұны: Сызықтық алгебра. Матрицалық анализ. Векторлық алгебра. Жазықтық пен кеңістіктегі аналитикалық геометрия. Көп өлшемді сызықты кеңістіктер. Анализге кіріспе. Бір айнымалы функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулері. Көп айнымалы функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулері. Екі еселі интеграл. Үш еселі интеграл. Меншіксіз интеграл. Сандық, функционалдық және дәрежелік қатарлар теориясы. Қатарлардың жинақталу белгілері. Комбинаторика элементтері. Ықтималдықтар теориясы. Математикалық статистика.

Алынатын нәтиже: математикалық тапсырманы құра білу, тапсырманы шешуге қажетті әдіс пен алгоритмді таңдай білу, сандық әдісті шешу және қазіргі кездегі есептеу техникасын қолдану, сапалы математикалық зерттеуді жүргізе білу, жүргізілген математикалық талдау негізінде практикалық ұсыныстарды өңдей білу.

Соңғы реквизиттер: математика IV 3218

3 курс

№	Модуль атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәндердің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Жалпы техникалық модуль 1	БД 3.2.15	MFSM 3215	Материалдардың физикалық және механикалық қасиеттері	3	5
	Жалпы техникалық модуль 1	БД 3.2.15.1	DKS 3215.1	Кристалдық құрылым ақаулары	3	5
2	Математикалық және ақпараттық дайындау модулі	БД 3.2.16	Mat 3216	Математика IV	3	5
	Математикалық және ақпараттық дайындау модулі	БД 3.2.16.1	TVMS 3216.1	Ықтималдық теориясы және математикалық статистика	3	5

3	Химиялық модуль	БД 3.2.17	FN 3217	Физикалық химия	3	5
	Химиялық модуль	БД 3.2.17.1	Nim 3217.1	Химия 1	3	5
4	Өндірісті құрастыру, жобалау және экономика модулі	БД 3.2.18	OKD 3218	Құрастыру негіздері және машина тетіктері	3	5
	Өндірісті құрастыру, жобалау және экономика модулі	БД 3.2.18.1	DM 3218.1	Машина тетіктері	3	5
5	Физикалық модуль	БД 3.2.19	IGFiz 3219	Физиканың таңдаулы тараулары	3	5
	Физикалық модуль	БД 3.2.19.1	PF 3219.1	Қолданбалы физика	3	5
6	Материалдарды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологиясы модулі	БД 3.2.21	MLM 3221	Материалдарды түрлендіру және легірлеу	3	6
	Материалдарды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологиясы	БД 3.2.21.1	DK 3221.1	Баяу балқитын материалдар	3	6

Разработано:
Подпись

Согласовано:
Подпись

Утверждено:
приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №

	ы модулі					
7	Конструкци ялық машина жасау материалда ры модулі	ПД 3.3.3	MOGI 3303	Мұнай және газ өндірісіндегі материалдар	3	6
	Конструкци ялық машина жасау материалда ры модулі	ПД 3.3.3.1	NM 3303.1	Жаңа матери- алдар	3	6
8	Материалда рды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологияс ы модулі	ПД 3.3.4	КАР 3304	Коррозия және коррозияға қарсы бүркемелер	3	6
	Материалда рды таңдау әдістемесі және оларды өңдеу технологияс ы модулі	ПД 3.3.4.1	KPZ 3304.1	Коррозиялық процестер және коррозиядан қорғау	3	6
9	Конструкци ялық машина жасау материалда ры модулі	ПД 3.3.5	NM 3305	Металл емес материалдар	3	6
	Конструкци ялық	ПД 3.3.5.1	РКМ 3305.1	Ұнтақ және керамикалық	3	6

Разработано:
Подпись

Согласовано:
Подпись

Утверждено:
приказом ректора от «__» _____ 20__ г. №

	машина жасау материалдары модулі			материалдар		
10	Конструкциялық машина жасау материалдары модулі	ПД 3.3.6	ММ 3306	Машина жасау материалдары	3	6
	Конструкциялық машина жасау материалдары модулі	ПД 3.3.6.1	ММ 3306	Материалдардағы үйкеліс және қирау	3	6

MF5M 3215 Материалдардың физикалық және механикалық қасиеттері – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: әртүрлі тағайындалуымен конструкциялық материалдардың физика-механикалық (жылу өткізгіштік, жылу сыйымдылық, электркердергі, беріктік, созымдылық және т.б.) және пайдалану (ыстыққа беріктік, шыдамдылық, жарылуға тұрақтылық) қасиеттері бойынша, оларды материалтану мәселелерін шешуде қолдану, механикалық және физикалық сынаулардың әдістерін оқып білу туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: пән, пәннің мақсаты мен мәні, негізгі түсініктер мен анықтамалар, кернеу, Гуктің элементарлы заңы, серпімді деформация, созымдылық және деформация, созымды деформация физикасы мен механикасының негізі, статикалық сынау кезіндегі беріктікті анықтау әдістері, беріктік қасиеттерін бағалау критерийлері, механикалық сынаудың негізгі түрлері – динамикалық, шаршау, жоғары температуралық, қирау, Гриффитс бойынша морт қирау моделі, ыстыққа беріктік, жылжыпсырғу туралы негізгі түсінік, тозу процестері, металдар мен қортыпалардың электрлік қасиеттері, электрөткізгіштік туралы негізгі түсінік, металдар мен қорытпалардың жылулық қасиеттері, қатты денелердің тығыздылығы мен жылулық кеңеюі, сызықтық кеңеюдің температуралық коэффициенті, материалтану мәселелерін шешуде қолдану.

Алынатын нәтиже: студенттер әртүрлі фазалардың атомдық-кристалдық құрылысын талдай білуі, материалдар қасиеттерін талдау үшін зерттеудің ең тиімді әдістерін дұрыс таңдай білуі, деформация механизмін, конструкциялық материалдарды легірлеу кезінде беріктендіру, мортты және тұтқырлы қирау процестерін, термиялық (ыстыққа беріктік) және деформациялық (шаршау) өзара әсер процестерін білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Материалдарды таңдау методологиясы 3302

DKS 3215.1 Кристалдық құрылым ақаулары – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: кристалдық заттың атомдық-кристалдық құрылымының, геометриялық және құрылыстық кристаллография элементтерінің негіздері. Кристалдардағы оның ішкі симметриясымен және атомдық құрылыспен байланысты физикалық құбылыстың заңдылықтары зерттелген.

Қысқаша мазмұны: геометриялық және құрылыстық кристаллографияның негізгі мәселелерін, кристалдардағы бағыт пен жазықтық индекстеулерін, кристалдар мен кристалхимияның континуум және дисконтинуум симетрияларының кристаллографиялық түсірілуі мен теориясы қарастырылған кристалдық заттардың атомдық-кристалдық құрылымын оқыту, сонымен қатар, ақауы бар кристалдық заттардың нақты құрылымын, ақаудың негізгі түрлері, оның ішінде нүктелік сызықтық беттік және көлемдік ақаулардың материал қасиеттеріне ықпалы қарастыру.

Алынатын нәтиже: кристалдық құрылым ақауы қатты дене беріктігі және созымдылығын басқару механизміндегі ролі туралы ақпаратты білу.

Соңғы реквизиттер: Материалдарды таңдау методологиясы 3302

Mat 3216 Математика IV – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 2210

Пәнді оқыту мақсаты: оқытылған математикалық әдістерді қолдана білу; математикалық ойды дамыту; математикалық мәдениетке үйрену; ғылыми элементанды және логикалық ойлауды құра білу.

Қысқаша мазмұны: функционалды қатар; үйлесімділік аймағы; бір текті үйлесімділік, дәрежелі қатар; радиус, интервал және дәрежелі қатар үйлесімділігінің аймағы; Тейлор қатары, Маклорен; Тейлор қатарына элементарлық функцияларды орналастыру; Тейлор қатарын қолдану.

Алынатын нәтиже: математикалық модельдер мен математикалық тапсырмаларды тұрғыза білу; қазіргі кездегі есептеу техникасын қолданумен сандық әдістердің көмегімен тапсырмаларды шешуге пайдалану; сапалы математикалық зерттеу жүргізу; жүргізілген математикалық талдау негізінде практикалық ұсыныстарды жетезерттеу.

Соңғы реквизиттер: барлық жалпы білім беретін пәндер және жұмыстық оқу жоспарымен сәйкес қарастырылған шығарылатын кафедрада оқытылатын пәндер.

TVMS 3216.1 Ықтималдық теориясы және математикалық статистика – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика 2210

Пәнді оқыту мақсаты: Пәнді оқыту мақсаты болып зерттеудің математика-статистикалық және ықтималдық әдістерінің негізін және математикалық құрастырылған тапсырмаларды білу, кәдімгі технологиялық процестерді модельдей білуді жетілдіру, студенттердің логикалық және алгоритмді ойлауын дамыту, олардың математикалық мәдениет деңгейін жоғарылату табылады.

Қысқаша мазмұны: Ықтималдық теория пәні. Кездейсоқ мәліметтер, олардың сыныпталуы. Ықтималдықты классикалық анықтау. Комбинаторика элементтері. Мәліметтермен жұмыс. Қайталанатын сынаулар. Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар және олардың сипаттамалары. Кездейсоқ шамалардың таралуының негізгі заңдары. Математикалық статистика элементтері. Таңдаудың статистикалық таралуы. Статистикалық таралаудың графикалық сұлбасы. Статистикалық таралудың сандық сипаттамалары. Бағалау теориясының элементтері және гипотезді тексеру. Белгісіз шамаларды бағалау. Статистикалық гипотезді тексеру. χ^2 Пирсонның критерийі. Корреляция теориясының элементтері. Регрессияның таңдаулы теңдеуі.

Алынатын нәтиже: Пәнді оқу кезінде студенттер техникалық және технологиялық зерттеулерде қолданылатын ықтималдық теориясын және математикалық статистика негіздерін білуі, инженерлік-экономикалық тапсырмаларды шешу үшін ықтималдық-статистикалық әдістерді қолдана білу, белгілі тапсырмаларды шешу үшін математикалық статистика әдістерін қолдана білу.

Соңғы реквизиттер: барлық жалпы білім беретін пәндер және жұмыстық оқу жоспарымен сәйкес қарастырылған шығарылатын кафедрада оқытылатын пәндер.

ҒН 3217 Физикалық химия – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1203

Пәнді оқыту мақсаты: берілген пәнді оқыту жаңа материалдарды табуда технологиялық процестерді сапалы негіздеуге, оларды қарқынды ету жолдарын тиімді жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Қысқаша мазмұны: термодинамиканың бірінші заңы, негізгі түсініктер, ішкі энергия, энтальпия, жылу, жұмыс, жылу сыйымдылығы термодинамиканың екінші заңы, Гиббс теңдеуі, химиялық потенциал, термодинамиканың үшінші заңы, химиялық тепе теңдік, гомогендік

жүйелердегі химиялық тепе теңдік, сыртқы факторлардың реакция тепе теңдігіне ықпалы, статистикалық термодинамика негіздері, көп компонентті жүйелердегі фазалық тепе теңдік.

Алынатын нәтиже: берілген пән студенттерге процестердің жүру мүмкіндіктерін, олардың жылдамдығын есептеуге, реакцияның оптималды жағдайларын таңдауға, балқу және еру диаграммаларын білу технологиялық процестерді дұрыс жүргізуге, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік өндіріс орындарында жұмыс істеу жағдайын жақсарту бойынша шараларды бірізді дұрыс орындауға мүмкіндік береді.

Соңғы реквизиттер: Мұнай және газ өндірісіндегі материалдар 3303

Нім 3217.1 Химия 1 – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия 1203

Пәнді оқыту мақсаты: берілген пәнде коллоидты химия мәселелері оқытылып, физикалық параметрлерінің химиялық процестерге ықпалы қарастырылады, сулы ерітінділер, газдар және электролиттердің қасиеттері туралы түсініктер береді.

Қысқаша мазмұны: беттік құбылыс және адсорбция, электролит ерітіндісі, электродты процестер, беттік қарқындылық, қатты дене беткейіндегі адсорбция, ерітілген заттарды қатты адсорбенттермен адсорбциялау, дисперсті жүйелер, ионды жүйелер, флокуляция және оның ерекшеліктері, коагуляция мен флокуляцияны қолдану.

Алынатын нәтиже: коллоидты химия мен адсорбцияны оқыту студенттерге экстрагенттерді, иониттерді тазалау және таңдауды білуге, флотацияны дұрыс түсіну және жүргізуге мүмкіндік береді.

Соңғы реквизиттер: Мұнай және газ өндірісіндегі материалдар 3303

OKD 3218 Құрастыру негіздері және машина тетіктері – 3 кредит

Пререквизиттер: Сызба геометриясы 1204

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді машина тетіктерінің жұмыс істеу қабілеттіліктерімен және олардың істен шығу түрлерінің критерийлерімен, тетік және машина түйіндерінің теориясы және есептеу негіздерімен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Халық шаруашылығының әр түрлі саласында қолданылатын барлық технологиялық машиналардың құрама бөлшектерін, тораптарын жобалау, есептеу және құрастырудың теориялық негіздері. Жобалау мен құрастырудың жалпы принциптері, типті тетікбөлшектердің моделі мен алгоритмдерін тұрғызу. Бұл қосу тетікбөлшектері: бұрандалық, кілтекті, шлицті және пісірмелі. Сыналы және қысқышты қосылыстар. Беріліс тетікбөлшектері. Механикалық, тісті, бұрамдық, тізбекті, белдікті, фрикционды, планетарлық, толқынды берілістер. Вариаторлар, білікті Остап тұру теті-

ктері, осьтер, подшипниктер және муфталар, серіппелер мен станиналар. Жобалау және тексеру есептері.

Алынатын нәтиже: машина тетіктерінің түрлі құрылғыларын және есептеулерді автоматтандыру негіздерін, машиналық графика элементтерін және жобалау ықшамдылығын білу.

Соңғы реквизиттер: Өндірісті жобалау 4309

DM 328.1 Машина тетіктері - 3 кредит

Пререквизиттер: Сызба геометриясы 1204

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді машина тетіктерінің жұмыс істеу қабілеттіліктерімен және олардың істен шығу түрлерінің критерийлерімен, тетік және машина түйіндерінің теориясы және есептеу негіздерімен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: тетік және түйін (жинақы бірлік) түсінігі, тетіктерді және машина түйіндерін жобалаудың жалпы мәселелері, машина тетіктерінің қатандығы және беріктігі, тозу табиғаты, жанасудың тозуға тұрақтылығын жоғарылатуының құрылғылық және технологиялық тәсілдері, механикалық жетек және механикалық берілістің негізгі түрлері, тіректер, біліктер, остер, муфталар, беріктіктің есептелуі, қосылыстың жалпы сипаты және тағайындалуы, кернеусіз қосылыстың есептері мен құрастырылуы, машина тетіктерін жобалауды автоматтандыру, ЖАЖ құрылысы мен материалды-техникалық негізі, ЖАЖ технологиялық процестері үшін құрылғылар.

Алынатын нәтиже: студенттер бұл пәнді аяқтағанда талап етілген машина түйіндерін өз беттерімен құрастыра алуы, құрастыру кезінде технологиялық, экономикалық, жөндеуге жарамдылық, стандарттау талаптарын, сонымен қатар өнеркәсіптік эстетика, машинаны жабдықтау, еңбек қорғау және экологияны есепке ала білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Өндірісті жобалау 4309

Фіз 3219 Физиканың таңдаулы тараулары – 3 кредит

Пререквизиттер: Физика 1202

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді мамандықтың ғылыми – техникалық мәселелерін шешу кезінде қажетті физиканың кейбір бөлімдерімен терең таныстыруды қамтамасыз ету.

Қысқаша мазмұны: заттың құрылысы, тербеліс және толқын физикасы, заттардағы электромагнитті толқындар, квантты физика негіздері, төмен өлшемді жүйе физикасы, нанотехнологияны қолдану аймақтары, қазіргі кездегі физиканың негізгі мәселелері, кристалдық құрылыстың физикалық қасиеттері, конденсатты күй, атомдық ядро, дозиметр элементтері, атомдық ядро құрамы мен сипаттамалары, атомдық ядро моделі, иондалған сәулелердің заттармен өзара әрекеттесуі, радиациялық қауіпсіздіктің негізгі түсініктері мен бірліктері, жай көзбен көретін

оптикалық аспаптарды оқу, спектральды аспаптар, оптикалық квантты генератор (лазер), голография, физиканың жалпы курсы бойынша қолданбалы мәселерді шешу.

Алынатын нәтиже: студентте қазіргі кездегі физикалық және ғылыми көзқарас болуы, физиканың нақты заңдарын қолдана білуі және физиканың әртүрлі саласында теориялық тәжірибелік және практикалық мәселелерді шеше білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Беріктік және созымдылық физикасы 4307

RF 3219.1 Қолданбалы физика – 3 кредит

Пререквизиттер: Физика1202

Пәнді оқыту мақсаты: студенттерге қазіргі кездегі әлемнің физикалық суреті және ғылыми әлемтану туралы түсінік, классикалық және замануи физика теориясы және нақтылы заңдылықтарды қолдана білуге, сонымен қатар физикалық зерттеу әдістерін кәсіби қызметтің жүйесінің негізі ретінде қолдануға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Курсы студенттерге классикалық және жаңа физика теориялар мен анықтамаларын, негізгі заңдарын қолдануға қажетті физикалық білімнің ядросын көрсетеді. Берілген курс мына бөлімдерден тұрады: механика, гармо-никалық толқындар, термодинамика негізі, тұтас орта механикасы, электростатика, тұрақты ток, магнит өрісі, Максвелл теңдеулері, электро-магниттік өріс теңдеуі, толқындық оптика, жылулық сәулелену, кванттық теория негізі, төмен өлшемді жүйелер физикасы. Шре-дингердің стационар және уақыттық теңдеуі, көмірсутек атомы мен молекуласы, атом ядросы, элементар бөлшектер және «Физика», «Физика I», «Физика II» курстарынан берілген білімдерді бекітуге негізделген.

Алынатын нәтиже: Студенттердің қазіргі заманғы физикалық және ғылыми көзқарасы қалыптасуы тиіс. Олар физиканың фундаменталды заңдарын пайдалана білуге және физиканың әртүрлі саласынан теориялық, тәжірибелік есептерді шеше білуге машықтануы керек.

Соңғы реквизиттер: Беріктік және созымдылық физикасы 4307

MLM 3221 Материалдарды түрлендіру және легірлеу – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: машина жасау өндірісінің құю саласындағы кара және түсті металл негізіндегі конструкциялық қорытпалардың әртүрлі топтарын алудың ғылыми негіздері және легірлеу мен түрлендірудің зерттеу принциптерін оқып білу.

Қысқаша мазмұны: Металдық жүйенің күй диаграммалары, I текті фазалық айналулар. Фазалық құрам мен фазалық айналулардың металдық жүйедегі ролі, олардың қорытпа жасаудағы мәні. Құйма металл мен қорытпалардың кристалдану процесі мен құрылым түзілуі. Қатты ерітіндінің, эвтектикалық және перетектикалық жүйелердің, эвтектоидтық және

перитектикалық айналулардың түзілудің заңдылықтары. Перитектикамен, аралық фазалармен, эвтектоидты және перитектоидты айналулармен жүйелер. Легірлеуші элементер туралы негізгі анықтамалар мен түсініктер, олардың сыныпталуы. Жіп тәріздес кристалдар және олардың қасиеттері.

Алынатын нәтиже: құю өндірісінде түрлендіру және легірлеу элементтерінің құрамы мен оларды өңдеу режимдерін кәсіби түрде таңдай білу.

Соңғы реквизиттер: Жоғары берікті машина жасау материалдары 4311

ТММ 3221 Баяу балқитын материалдар - 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: баяу балқитын материалдардың сыныпталуын, баяу балқитын материалдарды алудың өнеркәсібін және технологиялық процес ерекшеліктерін, олардың негізіндегі қорытпаларды, қасиеттерін жақсарту тәсілдерін білу.

Қысқаша мазмұны: Баяу балқитын материалдардың қажеттілігі. Кристалдық құрылым ерекшеліктері және атомаралық химиялық байланыс сипаты (металдықтың ковалентті-иондымен, ковалентті және ковалентті-иондымен үйлесімі). Баяу балқитын материалдардың сыныпталуы: қосылыстар, қорытпалар, шыны. Оттегімен және оттегісіз (металл тәріздес, металл емес және интерметаллидті) қосылыстар. Карбидтер, боридтер, силицидтер, нитридтер, алу тәсілдері, қасиеттері және қолданылуы. Өтпелі металдар негізіндегі баяу балқитын материалдар. Суықтай сынғыштық құбылысы және қасиеттерін жақсарту тәсілдері (тазарту, жоғары қарқынды элементтермен шағын легірлеу, дисперсті беріктендіру). Борлы силикатты шыны.

Алынатын нәтиже: баяу балқитын металдардың құрамын легірленген болаттарды алу және термиялық өңдеу режимдерін таңдауда қажетті кәсіби білімді құрастыру.

Соңғы реквизиттер: Жоғары берікті машина жасау материалдары 4311

MNGP 3303 Мұнай және газ өндірісіндегі материалдар – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: Осы пәнде мұнай және газ өндірісіндегі кең қолданылатын конструкциялық материалдар мұнай газ зауыттары және химиялық мұнай аппаратураларын дайындауға қолданылатын жоғары легірленген болаттардың қасиеттерін оқыту.

Қысқаша мазмұны мұнай газ зауыттары және химиялық мұнай аппаратураларын дайындауға қолданылатын жоғары легірленген болаттар, тот баспайтын, ыстыққа төзімді және ыстыққа берік болаттар, бұрғылау, қашау болаттары, құбыр және сорғыш қармақтарының болаттары,

резервуарлар жасауға арналған материалдар, металлқышты материалдар мен сүзгіштер, қатты қорытпалар, мыс, алюминий және никель негізіндегі қорытпалар, материалдарды олардың физика-механикалық және технологиялық қасиеттерінің ерекшеліктеріне қарай таңдау.

Алынатын нәтиже: студенттерді конструкциялық және металл емес материалдардың кең түрлі ентаңбаларын дұрыс таңдау жасауды шеше білуге дайындау, осыған байланысты олардың жеке физика-механикалық және технологиялық қасиеттерін мұнай газ өнеркәсібінде материалдар ретінде қолдана білуді таңдау.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4308

ММ 3303.1 Жаңа материалдар – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: жаңа материалдар заманауи күйін және жоғары технологиялар талаптарына сәйкес материалды жасау бойынша ғылыми зерттеулерге талдау, материалдардың құрылымы мен қасиеттерін басқарудың ғылыми негіздерін жасау мүмкіндіктері, берілген қасиеттерімен материалдарды алу және өңдеудің тиімді және экологиялық таза технологияларын жасау туралы түсінігі болуы тиіс.

Қысқаша мазмұны: жаңа технологияларды, композициялық, ұнтақ, керамикалық материалдарды қолданудың экономикалық және экологиялық тиімділігі, ультрадисперсті және нанокұрылыстық материалдар, наноұнтақтарды синтездеудің химиялық әдісі, көлемдік нанокұрылымдық материалдар, алу технологиясы, материалдарды және нанокұрылымдық бүркемелерді өңдеу және қайта өңдеу, монокристалдарды өсіру, кремнийлі оптоэлектроника мәселелері, жартылай өткізгіш және диэлектрикті қосылыстар, композициялық материалдардың негізгі анықтамалары және жіктелуі, ұнтақ материалдар, арнайы қасиеттерімен конструкциялық металдар мен қорытпалар, аса қатты материалдар, магнитті және аса өткізгіш материалдар, функциональды бүркемелер.

Алынатын нәтиже: арнайы қасиеттерімен конструкциялық материалдардың негізгі теориялық мәліметтері мен табиғатын, зерттеудің әдістері мен құралдарын, құрамын талдау және бақылау, жаңа материалдардың құрылысы мен қасиеттерін білуі, құрылыстық зерттеудің алынған нәтижелерін материалдарды алу және өңдеу технологиясын таңдау кезінде қолдана білуі тиіс.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4308

КАР 3304 Коррозия және коррозиялық бүркемелер – 3 кредит

Пререквизиттер: Физикалық материалтану 3303

Пәнді оқыту мақсаты: Металдық құрылғылардың пайдалану ісәмалындағы әр түрлі зиянды ортаның ықпал жасауымен пайда болатын коррозияның себептерімен студенттерді таныстыру; металдық

құрылғылардың құрас-жасау және тетікбөлшектердің материалдарын таңдау кезеңдерінде, оларды жасағанда, сақтағанда және пайдаланғанда коррозияға қарсы қорғаудың негізгі әдістерімен; ең аз коррозиялану осалдығын қамтамасыз ететін әдістермен таныстыру пәнді оқытудың мақсаты болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Осы курста коррозияның термодинамикасы және кинетикасы, коррозиялық процестердің өзіндік жүруі мен қайтымсыздығының себептері мен қолдану механизмі, коррозиялық процестердің сыныпталуы және оларға сыртқы, ішкі факторлардың әсері, гальваникалық элементтердің жұмысы, металдар мен қорытпалардың коррозиялық қирау түрлері, металдарды коррозиядан қорғаудың жалпы түрлері, коррозиялық тұрақтылықты жоғарылатудың әртүрлі түйіндермен қосылуы, коррозияға қарсы бүркеулердің түрлері, темір және де никель негізіндегі жоғары коррозиялық қорытпалар түрлері.

Алынатын нәтиже: студенттерге коррозияның өзіндік қайтымсыз процесс екенін көрсету, өзіндік және қайтымсыз коррозияның себебі жүйенің термодинамикалық тепе тең күйге өтуі, коррозияның ережелік екенін, коррозия механизмін білу мамандарға тетіктер мен машиналарды құрастыру кезінде коррозияға қарсы қорғаныстарды жасауға мүмкіндік беретінін үйрену.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4308

KPZ 3304.1 Коррозиялық процестер және коррозиядан қорғау – 3 кредит

Пререквизиттер: Физикалық материалтану 3303

Пәнді оқыту мақсаты: коррозиялық процестердің әртүрлі ортада жүру ерекшеліктері, коррозия жылдамдығын бағалау және бақылаудың негізгі әдістерімен, конструкциялық материалдарды пайдалану жағдайына қарай таңдауды, жабдықтарды коррозиядан қорғаудың электрхимиялық тәсілдері бойынша білім беру.

Қысқаша мазмұны: электрхимиялық коррозия механизмі, электродты потенциалдың тууы, тепе тең және тепе тең емес электродты потенциал, коррозиялық процесс термодинамикасы, поляризация құбылысының мәні, қарқынсыздық теориясы, коррозиядан қорғаудың электрхимиялық әдісі, сыртқы токпен катодты қорғау, анодты жерлендіру, протекторлардың көмегімен катодты қорғау, адаспалы ток және олардан қорғану, электркептірмелі қорғау, сулы-тұзды жүйелердегі коррозия ингибиторлары, коррозиялық процестерді зерттеу және бақылау әдістері, құбырларды коррозиядан қорғау бойынша жұмыс істеу кезіндегі қоршаған ортаны қорғау.

Алынатын нәтиже: коррозиялық процестерді талдауды білу және жетілдіру, зерттеудің, жабдықтарды коррозиядан қорғау үшін сенімді бақылау және бағалаудың шақты әдістерін таңдау, коррозияның сапалы және сандық сипаттамаларын болжау, конструкциялық материалдарды

құрылыстық зерттеу сатысында технологиялық жабдықтарды қорғаудың әдістері мен құралдары.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4308

ММ 3305 Металл емес материалдар – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: металл емес материалдардың құрылысы, физикалық, химиялық, механикалық және технологиялық қасиеттері, дайындама және машина тетікбөлшектерін алу мақсатында қазіргі уақыттағы өнеркәсіпте қолданылатын материалдарды таңдаудың техника-экономикалық негізінің әдістемелер туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: Осы пәнде мына параметрлер бойынша оқып-білуге және сыныптауға болады: металл емес материалдардың физика-химиялық қасиеттері, дайындама және тетікбөлшектерді алу әдістері. Қазіргі уақыттағы өнеркәсіпте қолданылатын материалдарды таңдаудың техника-экономикалық негізінің әдістемелері: полимерлер, пластмассалар, резеңкелер және резеңкетехникалық бұйымдар, сыр-бояу материалдары, шынылар, керамикалық материалдар, сондай-ақ, созымды негізімен матрицасы бар және беріктендіру фаза ретінде көміртекті талшықтарымен металл емес талшықты және композициялық материалдар.

Алынатын нәтиже: металл емес материалдардың алыну технологиясы, қасиеттері және ролі туралы білім алу және машина тетіктері мен механизмдерін құрастыру кезінде материалды дұрыс таңдай білу.

Соңғы реквизиттер: Арнайы қасиеттерімен материалдар 4308

РКМ 3305.1 Ұнтақ және композициялық материалдар – 3 кредит

Пререквизиттер: Материалтану 2208

Пәнді оқыту мақсаты: технологиялық, экономикалық және пайдалану қасиеттері оптималды үйлесімдегі әртүрлі тағайындалуымен ұнтақ және композициялық материалдарды алудың технологиялық процестері мен негізгі өндіріс бағыттары туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: Ұнтақтарды алу әдістерінің жіктелуі және олардың механикалық әдістері. Ұнтақтарды алудың физика-химиялық әдістері. Металдық ұнтақтардың қасиеттері және оларды бақылау әдістері. Ұнтақты материалдарды қалыптау әдістері. Ұнтақты материалдарды жентектеу, жентектелген материалдардың қасиеттері, ұнтақты бұйымдарды өңдеу әдістері. Композициялық материалдардың сипаттамасы. Композициялық материалдарды алу әдістері: композиттерді армирлеу әдістері, беріктендіргіштер мен матрицалардың түрлері, бастапқы және алынатын материалдардың негізгі қасиеттері; композиттерден тұратын конструкцияларды қалыптау және байланыстыру әдістері; композициялық материалдардың қасиеттерінің оның алыну әдісіне, конструкциялар байланысына және бастапқы материалдар қасиеттеріне тәуелділігі.

